

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**



**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ  
IV Республиканской научно-практической  
онлайн конференции «Судьбоносные решения Первого  
Президента РК Н.А. Назарбаева по формированию нового  
Казахстана», посвященной 25-летию Независимости  
Республики Казахстан**

**2016 жыл 25 қараша  
Астана**

**ӘОЖ 342 (063)  
Ж 28**

«Жаңа Қазақстанды қалыптастырудағы ҚР Тұңғыш Президенті Н.Ә. Назарбаевтың тағдырқешті шешімдері» Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығына арналған атты IV Республикалық ғылыми-практикалық онлайн конференциясы = «Судьбоносные решения Первого Президента РК Н.А. Назарбаева по формированию нового Казахстана» IV Республиканская научно-практическая онлайн конференция, посвященная 25-летию Независимости Республики Казахстан  
Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/sborniki-konferentsiy/iv-respublikanskaya-nauchno-prakticheskaya-onlayn-konferentsiya>, 2016. – .... б. (қазақша, орысша).

**ISBN 978–9965–31–813-9**

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген. В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и ученых гуманитарных наук.

**ӘОЖ 342 (063)**

**ISBN 978–9965–31–813-9**

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия  
ұлттық университеті, 2016

## СОДЕРЖАНИЕ

1.	Ashimkhanova K.	Territorial and border issues in Central Asia: historical approach .....	5
2.	Toimbayeva A.S.	Co-operation between France and Kazakhstan in the framework of cultural diplomacy .....	8
3.	Әбдіғали Н.Ә.	Н.Ә.Назарбаевтың – Қазақстандағы қоғамдық тұрақтылық пен ұлтаралық келісімді нығайту жолындағы саясаты .....	12
4.	Әбішева М.М.	Ел басының игі бастамаларының бірі – әлемдік және дәстүрлі діндер лидерлерінің съезі .....	19
5.	Альжаппарова Б.К.	Из истории «продразверсток» в Центральном Казахстане в начале 1920-х гг. ....	23
6.	Галимжанова С.Б.	Основополагающие институциональные реформы в экономике Казахстана .....	29
7.	Еменова Н.	Н.Ә.Назарбаевтың саяси тұлға ретінде қалыптасуы .....	35
8.	Жумабекова Д.Ж., Капеу-Коханова М.Б.	Роль Первого Президента РК Н.А. Назарбаева в развитии музыкальной инфраструктуры Астаны	41
9.	Жунисбеков Е.Н.	Деятельность РК в ООН: инициативы Н. Назарбаева .....	43
10.	Ибрагимов Ж.И.	Тұңғыш Президенттің институционалды реформаларды жүргізудегі ролі .....	47
11.	Иманбай А.Р.	Тарихи дыбыс өзгерістерінің түбір құрылымына әсері .....	52
12.	Искаков Қ.А.	Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстандағы білімді ұрпақ даярлау жолындағы саясаты .....	59
13.	Қабылшаев Қ.И.	Ұлы Жеңіске – қомақты үлес (Қазақстан теміржол көлігінің тылдағы ерен еңбегі хақында) .....	62
14.	Каирбаева Н.А.	МИИДБ-2 іске асыруда арнайы экономи-калық аймақтар ролі және оның құқықтық реттелуі .....	68
15.	Ковальская С.И.	Роль Первого Президента в разработке концепции по формированию исторического самосознания нации .....	70
16.	Қосыбаев М.М.	М. Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрік» еңбегіндегі отбасы және туыстық қатынастар жүйесіне қатысты тілдік бірліктердің этнолингвомәдени сипаты .....	73
17.	Кошман Т.В.	Ассамблея народа Казахстана как модель межнационального единства .....	79
18.	Махамбетжанова Ж.	Мәңгілік ел болашағы – білімді ұрпақ, саналы жастар .....	82

19.	Мусабалина Г.Т.	Казахстанский путь в свете Послания Президента РК Н.А. Назарбаева .....	91
20.	Нугманова К.Ж.	Казахстанский путь и политика Первого Президента Республики Казахстан в продвижении позитивного имиджа страны ....	97
21.	Оспанова А.Н., Жанбулатова Р.С.	Казахстанско-Российское приграничное взаимодействие и опыт «Еврорегионов» в контексте Евразийской интеграции .....	102
22.	Пұсырманов Н.С.	Қазақстан қоғамын топтастырудағы Н.Ә.Назарбаевтың тарихи шешімі .....	109
23.	Сайфолла Ғ.А.	Ұлт көшбасшысының ел конституциясын әзірлеудегі орны .....	112
24.	Сәрсенбек Д.	Экспо - 2017 көрмесі - елдіктің ерен жеңісі .....	116
25.	Сергазин Е.Ф.	25 лет - как молчит семипалатинский ядерный полигон .....	123
26.	Сулеймен Т.	Қазақстан Республикасы мен Қытай Халық Республикасы арасында дипломатиялық қарым-қатынастың орнауы .....	126
27.	Токанов Е.Е.	Ұлт көшбасшысының Еуразиялық экономикалық одақ туралы идеялары .....	136
28.	Турегалиев Б.Б	Н.Ә.Назарбаевтың тәуелсіз Қазақстанды жаңғыртудағы рөлі .....	143
29.	Үмітқалиев Ұ.Ұ.	Қазақстанға тигізген ядролық сынақ зардабы және Н.Ә.Назарбаевтың ядролық қарудан бас тарту жолындағы күресі .....	152
30.	Хабдулина М.К., Брынза Т.В.	К тысячелетию Астаны .....	156
31.	Шойбекова А.С.	Қазақстан тәуелсіздігі жылдарында Р.Қошқарбаев ерлігіне жаңа көзқарастар .....	160
32.	Юмакаева Э.А.	Бесік в истории казахской материальной культуры .....	163

## ҚАЗАҚСТАН ҚОҒАМЫН ТОПТАСТЫРУДАҒЫ Н.Ә.НАЗАРБАЕВТЫҢ ТАРИХИ ШЕШІМІ

**Пұсырманов Н.С.,**

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,  
саясаттану мамандығының докторанты

Қазақстан қоғамы полиэтникалық күрделілік пен конфессиялық қарама-қайшылыққа қарамастан, өз даму жолында сәтті қазақстандық моделді қалыптастырды.

Қазақстандық моделдің бастауы Н.Ә.Назарбаевтың сындарлы саясаты мен тарихи шешімдерінің негізінде жатыр.

Ғасырлар тоғысында әлемдік сын-кәтер мен ғаламдық ықпалды үрдістерге қарамастан түбегейлі өзгеріс жасап, жаңа Қазақстан Республикасын құру және халықаралық қауымдастықта мойындату – Н.Ә.Назарбаевтың тағдырымен туа біткен байлық.

Тарихқа қайта айналып, сол кезеңде жаңа тұлғаны жасамақ болсаң да, бұл кәдеге жарамайтын іс. Өйткені, Жаратқанның қалауы мен таңдауы әркімге беріле бермейтін мүмкіндік екені белгілі.

Өзіне жүктелген абыройлы да саяси жауапкершілікті сезіне отырып, қоғамдағы көшбасшылық басымдығы, саясатта салмақты мінезділігі, уақытқа сәйкес бәсекелестік қабілет пен кеңістіктің шексіз мүмкіндігін тәуекелге бұды.

Осы ретте, Қазақстанның қалыптасуындағы Н.Ә.Назарбаевтың айрықша мынадай еңбегін ерекше атап көрсету орынды:

**Біріншіден**, қоғамның дамуы жолы яғни тарихи тағдырлы кезеңде «Егер біз шындап аяғымыздан тік тұрып, қалыпты өмір сүргіміз келсе, бұл жолға түсуге тиіспіз», - деген жолдармен басталған 1992 жылы Қазақстанның егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы қабылдауы.

Осы құжатта этникалық алуан түрліліктегі әлеуметтік біртұтастықтың стратегиясы, бір территорияда тұратын, тұрмыстың ортақ жағдайымен әрі туысқандық менталитетпен, игілік және бақыт идеясымен біріккен, бір демократиялық құқықтық мемлекет қорғайтын адамдардың үйлесімді қауымдастығын қолдау маңызды екендігі, сонымен бірге нарықтық қазыналардың қолайлығы мен әділдігіне адамдардың көзін жеткізуге қабілетті нарықтық идеологияны орнықтыру үшін жаппай негіз құрумен айналысу керек,- делінген [1].

Алдымен экономика, содан соң саясат логикасы осыдан туындайды.

Қазақстан-2030, Қазақстан-2050 стратегиялары стратегиялық мүмкіндік пен зияткерлік әлеуетке ие.

**Екіншіден**, 1993 жылы өтпелі кезең Конституциясын қабылдап, 1995 жылғы 30 тамызда заманауи жаңа Конституцияны орнықтыру мақсатында Конституцияның жобасын бүкілхалықтық референдумға ұсынуы;

Бұл ашықтық қағидаты, қоғамдық пікірмен санасуы демократияның шынайы үлгісі. Ресми мәліметтер бойынша референдумға 8 212 773 адам, яғни ел халқының 89,14 пайызы қатысты. Референдумға қатысқан халықтың 7 411 934 азамат қолдаса, 800 839 азамат қарсы дауыс берді, яғни бұл барлық қатысушылардың 9,9 пайызы, 78130 бюллетень жарамсыз деп табылды [2].

Нәтижесінде, қолданыстағы жаңа Конституцияны қабылдады. Қазақстан Республикасы ең қымбат қазына – адам және оның өмірі, құқықтары мен бостандықтарына жол ашты.

**Үшіншіден**, мемлекеттілігімізді айшықтаған төл теңгеміздің қолданысқа енгізуі;

Теңге Ұлыбританияда басылып шығарылды. Ескі жүйе мен нарықтық қатынастар қайшылығы тұсында, Н.Назарбаевтың саяси ұтымды шешімі жаңа кезеңге, яғни Қазақстанның ұлттық экономикасына жол ашты.

**Төртіншіден**, билік тармақтарының айқындалуы мен этносаралық және конфессияаралық қатынаста Қазақстан халқы Ассамблеясын жасақтауы.

Әлемдік саяси ойлардың жетік тәжірибесіне негізделген атқарушы билік құрылымдары, екі Палаталы Парламент және сот билігінің орталықтанған жүйесі орнықты. Әлемде жоқ, жаңа жоба Қазақстан халқы Ассамблеясы пайда болды. Қазақстан халқы Ассамблеясы этникалық бірегейлік, қоғамдық келісімде өміршендігін дәлелдеп келеді.

Қазақстан халықаралық қатынастардың саяси субъектісіне айналды.

**Бесіншіден**, мемлекет белгілерін анықтау, оның ішінде шекарамызды нақтылауы.

Геосаясатта тарихи тартыстар мен түрлі көзқарасты басып озып, мемлекет шекарасын шегендеуі Елбасы Н.Ә.Назарбаевтың аймақаралық саясаттағы салмақты саяси беделі. Әлем картасында жаңа Қазақстан орналасты.

**Алтыншыдан**, саяси идеяларының заманауи өзектілігі.

Оның ішінде, «жаңа Астана», «Қазақ елі», «Мәңгілік ел», т.б. атауға болады.

Астана – Қазақстан жүрегі. Дәл осы жерде барша ауыл мен қала ғана емес, әлемдік өркениет пен кемелді мәдениет тоғысып жатыр.

Айта кетелік, тәуелсіздік алған тұста Президенттің беделі мен көшбасшылық рөлі жұрттың сана-сезімінде елеулі орын алып, бастапқы кезеңде ұлттық идея рөлін атқарды деуге негіз бар. Тағы бір басты фактор – Президенттің қазақ болуы және қазақ тілін жетік білуі, ұлттық құндылықтардың бойынан табылуы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Біз үшін болашағымызға бағдар ететін, ұлтты ұйыстырып, ұлы мақсаттарға жетелейтін идея бар. Ол – Мәңгілік Ел идеясы. Қазақтың Мәңгілік Ғұмыры ұрпақтың Мәңгілік Болашағын баянды етуге арналады. Ендігі ұрпақ – Мәңгілік

Қазақтың Перзенті. Ендеше, Қазақ Елінің Ұлттық Идеясы – Мәңгілік Ел!» деп Мәңгілік ел идеясын нақтылады [3].

Ұлттық идея - мемлекет халқының ұмтылыстарын, оның жетістіктерінің нәтижесі мен мақсатын бейнелейтін ұғым [4].

**Жетіншіден**, және бұл ең басты еңбегі сырдарлы сәтте өз отанында азшылыққа айналған қазақ этносына қоғамды топтастырушы миссиясын жүктеуі.

Бүгінде қазақ этносы санының артуында табиғи өсімі, қандастарымыздың да отанға оралуы да заңды құбылыс. Өйткені, Қазақстан Республикасы - ұлт құраушы қазақ ұлтының әлемдегі жалғыз Отаны әрі туған жері, құт атамекені болып табылады. Сондай-ақ, қазақ этносы санының көбеюі де ұлт сатысына көтерілуге септігін тигізеді.

Қазіргі кезде Қазақстан қоғамының қайшылықсыз топтасуы мен саяси тұрақтылығының кепілі Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың рөлі мен саяси шешімдерінің негізінде екендігіне ешкімнің дауы жоқ.

Елбасы есімі әрқашан дүниежүзілік тарихта орын алған Түркияда Мұстафа Кемал Ататүрік, Қытайда Дэн Сяопин, Сингапурдың Ли Куан Ю тәрізді тұлғаларымен қатар тұрады [5]. Кемал Ататүрік Түркияда түрік рухын оятты, Дэн Сяопин Қытай ғажабы, Ли Куан Ю Сингапур кереметтігімен танылса, Н.Ә. Назарбаев «Әлем. ХХІ ғасыр» атты манифесімен» ерекшеленеді. Бұл дегеніміз ХХІ ғасырда өмір сүретін және жұмыс істейтін өскелең ұрпақтың тағдырына шынайы алаңдаушылық. Осы құжаттың астарында бейбітшілік пен татулық, өзара ынтымақтастық, ядролық қарусызданудың өркениеттік бастамасы шоғырланған.

Түйіндей келе, уақыт сызығының жаңа талаптарына жаңаша жауап қалыптастырған саяси реформатор, Н.Ә.Назарбаев – Мәңгілік ел -Қазақстандық жолының бастауы, Қазақстан қоғамын топтастырудың – таптырмас кілті.

Өскелең ұрпаққа Елбасының елге сіңірген елеулі еңбегі мен тұлғалық бойындағы қарапайымдылық әрі әділетті сұлбасын, саясаттағы салмақты саяси шешімдері мен тарихтағы тағдырлы тағылымдары, саяси процестердегі қоғамдық келісім, сыйластыққа негізделген келбетін дарыту бүгінгі уақыттың күн тәртібіндегі келелі мәселесі болып қала бермек.

### **Пайдаланған әдебиеттер тізімі:**

1. «Қазақстанның Егеменді мемлекет ретінде қалыптасуы мен дамуының стратегиясы. Алматы, РГЖИ «Дәуір», 1992

2. <http://www.kazaly-maslihat.kz/index.php/kz/2013-02-13-21-08-22/419-2014-09-02-03-58-35.html>

3. «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы, 2014 жылғы 17 қаңтар.

4. Қайдарова Ә.С., Қазақстан Республикасындағы ұлттық идеяның қалыптасуы (саясаттанулық талдау). Саяси ғылымдарының докторы ғылыми

дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2010, - 40б.

5. Азия асқарлары // Егемен Қазақстан.-2005.-15 желтоқсан.

## ҰЛТ КӨШБАСШЫСЫНЫҢ ЕЛ КОНСТИТУЦИЯСЫН ӘЗІРЛЕУДЕГІ ОРНЫ

**Сайфолла Ғайсат Абатұлы**

Заң факультетінің Құқықтану тобының 1 курс студенті

[Gaisat\\_enu@mail.ru](mailto:Gaisat_enu@mail.ru)

Ғылыми жетекшісі: Ибрагимов Ж.И.

Қазақстан Республикасының Конституциясы - қазіргі күніміз бен келешегіміздің кемелдігінің көрінісі. Егеменді еліміздің қанат жаюы - жолындағы бірден-бір бастаушы заң, әділет жолын көрсетер мемлекетіміздің Ата заңы. Бүгін біздің еліміз 1995 жылғы Конституция бойынша өмір сүреді. Ол қабылдағаннан кейін Қазақстан өзінің одан әрі даму жолын түпкілікті таңдап алды. Бүкілхалықтық референдумда қабылданған осы Негізгі Заң, шын мәнінде, қоғамдық келісімге айналды, сол бойынша өкімет Қазақстанды демократиялық, зайырлы, құқықтық, әлеуметтік мемлекет ретінде айналдыруды өзіне басты міндет етіп алды, ал азаматтар Конституцияны және еліміздің заңдарын бұлжытпай орындауға жауапкершілікті өз мойындарына қабыл етті. Расымен де, біздің 1995 жылы 30 тамызда қабылданған Конституциямыз ұзақ уақытты дамушы құқықтық құжат болып табылады. Бұл туралы Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев өз сөзінде: «Конституция - мемлекеттік биліктің қайнар көзі - халықтың өзі екенін айқындады. Жасампаздықтың жаңылмас жарғысы болған Конституция біздің барша жарқын істеріміздің қайнар бастауына айналды», - деген болатын [ 1 ].

Қазіргі қолданыстағы Конституцияның жобасын дайындау, бүкіл халықтық талқылау кезіндегі сын көздер мен ұлт көшбасшысының алдында туған қиыншылықтар да аз болмады. Осы жұмысымда жаңадан қабылданған Конституцияның ұзақ қиын әрі кедергіге толы жолдан өткендігін және осы кедергілерден шығуға бірден бір себепші ұлт көшбасшысының атқарған еңбегі туралы сөз қозғамақшымын.

Жаңа Конституцияның жобасы бүкілхалықтық талқылау үшін бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланғанынан кейін-ақ, шын мәнісінде оның жұмысына бүкіл ел кірісті деп айтуға болады. Қазақстанның барлық түкпір-түкпірінен жобаға қатысты күнделікті түсіп отырған ұсыныстар бойынша - мәліметтер топтамасы жасалынды. Күніне осындай ұсыныстардың бірнеше папкасы түсетін. Сонымен бірге баспасөзде жарияланып жатқандарды да естен шығармау қажет болды.

Ең бастысы талқылаудың бірыңғай пікірде болмағанын айтуымыз қажет. Конституцияның дайындалған жобасын жұрттың барлығы бірдей қолданған жоқ. Баспасөзде оны сынға алған жарияланымдар аз болмады. Тіпті заңгер ғал-